

"Мәзір бұлақ" бөбекжай бақшасы

"Балапан" кіші топ

Ашық оқу іс-әрекеті

Тақырыбы: "Ұй жануарлары"

Тәрбиеші: Сапасва. Е

Қайрат ауылы 2024-2025ж

Тақырыбы: Үй жануарлары

Мақсаты: Үй жануарларын ажыратып айта білуге үйрету.

Дамытушылық сурет бойынша әңгіме құрату арқылы тіл байлықтарын дамыту.

«Жануарлар қалай дыбыстайды?» сұрағына жауап беруге үйрету.

Тәрбиелік: Үй жануарларына деген қамқорлық, аяушылық сезімдерін ояту.

Қажетті көрнекіліктер: үй жануарлары мен төлдерінің суреттері, слайд.

Шаттық шеңбері.

-Балалар, бізге қонақтар келіп отыр, алдыменен амандасып алайық. Мен сендерді жылулық шеңберіне шақырамын.

Қуанамын мен де.

Қуанасың сен де.

Қуанайық бәріміз.

Арайлап атқан күнге.

Бүгінгі күніміз сәтті өтсін!

Тактадағы суреттерді көрсету арқылы өткен тақырыпты еске түсіру (жабайы аңдар)

-Балалар, бүгін біз үй жануарларымен танысамыз.

-Сендер үй жануарларына не жататынын білесіңдер ме?

-Балалар тактаға назар аударайық.

-Мынау түйе.

-Мынау жылқы.

-Мынау сиыр.

-Мынау қой.

-Мынау ешкі.

-Балалар бұл үй жануарларына жатады. Біз оларға жем, су, шөп береміз. Оларды корада ұстап, күтіп баптаймыз. Қораның ішін тазалаймыз. Бұл үй жануарларының бізге тигізер пайдасы зор.

-Ендеше балалар слайд тактаға назар аударайық.

-Балалар айтыңдаршы мынау қай жануар?

Әрине, бұл сиыр.

-Сиырдың сүтінен жасалатын ұлттық тағам өте көп. Олар: құрт, ірімшік, май, айран, каймақ, сүзбе т.б. Сиырдың еті дәмді болады. Сиырдың төлі-бұзау.

-Ал мынау қай жануар?

-Қой- төрт түліктің ішіндегі аса жуасы, момыны. Аяғымызға киетін байпағымыз, еденге төселетін киіздер- бәрі де осы қойдың жүнінен жасалады.

Қойдың етін тағам ретінде пайдаланамыз. Қойдың төлі-қозы.

-Ал мынау ше?

-Жылқы мінсе көлік, сойса ет. Оның еті өте дәмді, ал қымызы адамға пайдалы емдік қасиеті бар. Жылқының төлі-құлын.

-Ал бұл қай жануар?

-Ешкі түбіті, терісі өте мықты болады. Ертеректе ешкінің терісінен сусын құятын мес жасаған, сүті мен еті өте пайдалы. Ешкінің төлі-лақ.

-Ал мынау ше?

-Түйені ертеректе көшіп-қонған кезде үстіне жүк артып, көлік ретінде пайдаланған. Түйе сүтінен адамға пайдалы емдік қасиеті бар шұбат жасалынады.

Түйенің төлі- бота.

Сергіту сәті:

Топ- топ басайық.

Ауылға біз барайық.

Қозыларды санайық.

Қораларға қамайық.

Балалар мен сендерге ойын ойнатқым келіп тұр. Ойын ойнаймыз ба?

Ойынның аты «Төлдерін тап!»

Ойынның шарты: тақтала үй жануарлары ілінген, ал сендер осы ежелерінің қасына төлдерін орналастыруларың керек.

— Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады?

— Үй жануарлары не жейді?

Ойынның аты «Дауысынан ажырат!»

Ойынның шарты: Дыбысты есті отырып, үй жануарларының дауысын ажыратып атайды.

-Жарайсыңдар балалар! Бәрің де бүгін өте жақсы қатыстыңдар. Мен сендерге сүттен жасалған тағамымды сыйға тартамын. Енді қонақтармен қоштасайық.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарлары мен төлдерін, олардың тіршілік ету ерекшеліктерін.

Игереді: үй жануарлары қолға үйренген жануарлардың түрлері екенін.

Менгереді: үй жануарлары күтіп-баптауды, оларға қамқорлық жасай білу



«Мәлiр бұлақ» бөбекжай бақшасы
«Балапан» кiшi тобы

Ашық оқу iс-әрекетi.
Тақырыбы. «Үй құстары».

Тәрбиешi: Құрымбай.А

Қайрат ауылы 2025ж 23.04

Максаты: Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту. Үй құстарының пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың шығармашылдық қабілетін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын.

Көрсекіліктер: Өтеш, тауық, қаз, үйрек, балапан суреттері, мультимедия.

Технология: Дамыта оқу технологиясы, Тәй тәй технологиясы.

Шаттық шеңбері.

Саламатсыз ба, апайлар.

Саламатсыз ба, достарым.

Күндей жалырап,

Айдай арайлап.

Судай таза көңілмен

Бүтінгі күнімізді бастаймыз.

— Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

— Көктем мезгілі

— Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

— Көктемде күн жылы бастайды. Адамдар жеңіл киімдерін киеді. Далада қар еріп, жаңбыр жауады. Далада балалар доп теуіп, еркін таза ауада ойнайды.

— Көктем мезгілі сендерге ұнай ма?

— Ұнайды?

— Жарайсыңдар, балалар.

— Балалар, бүгін бізде ашық оқу қызметі.

Мига шабул. Жұмбақ жасыру

Ақ отау, аузы мұрыны жок отау. (жұмыртқа)

— Жұмыртқаны қайдан аламыз.

— Тауықтан аламыз.

— Ал, тауық үй құсы ма, дала құсы ма?

— Үй құсы.

— Дұрыс айтасыңдар, балалар, тауық үй құсы.

Бүгін білім саласы: «Таным» білім бөлімі: Қоршаған ортадан «үй құстары» тақырыбында оқу іс-әрекетін өтеміз.

Балалар жалпы құстар 2-ге бөлінеді. Үй құстары және дала құстары.

Құстардың бізге пайдасы өте көп. Олар табиғатты, өсімдіктерді құрт құмырсқа жәндіктерден құтқарады.

— Дала құстары торғай, қара торғай, көгершін, қарға, қарлығаш т.б.

— Үй құстары әтеш, тауық, балапан, қаз, үйрек т.б.

— Үй құстары мен дала құстарының айырмашылығы неде?

— Дала құстары өздері мекендейді, өз бетімен қоректенеді.

— Ал, үй құстары үйдің қасында мекендейді, адамдар көмегімен тіршілік етеді.

Үй құстары жеммен қоректенеді. Олар көктемде балапан туады. Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқор көрсетіп, асырайды. Ұя салады, жем береді, ыдысқа су

күйіп берелі. Ұя малын тазалайды, балапандарына да көрек беріп, көмек көрсетеді.

Мынау өтеш. Өтеш- басында айдары, екі көзі, екі қанаты, екі аяғы және күйрығы болады. Түсі қызылт сары.

Тауық- денесі жағынан кішілеу, үсті толы мамықты қауырсын болады.

Бас бөлігінде екі көзі, екі аяғы, түмсығы, айдары бар, кеуде бөлігінде екі қанаты бар. Бірақ тым биікке ұша алмайды.

Мынау-қаз. Қаздың мойны, түмсығы ұзындау болады. Өте маңғаз, жай жүреді.

Ал мынау қанаттары. Қаз тауықтарға қарағанда үлкендеу болады, жұмыртқасы да үлкендеу болады. (салыстырту).

Ал мынау-үйрек. Үйрек – түсі ақ. Бұл құс суда жүзгенді ұнатады. Үйрек қазға ұқсас құс. Жұмыртқасы тауықтыкіне қарағанда үлкендеу болады.

Сергіту сәті:

Қолымызды жаямыз, қанат қылып.

Адымдап жүреміз тауық болып

Дән шокимыз, тереміз.

Ұшып — ұшып,

Орнымызға қонамыз.

Тіл жаттығуы «Үй құстары қалай дыбыстайды »

Өтеш — ку-ка-ре-ку.

Тауық — қыт-қыт-қыт.

Қаз — ғақ- ғақ- ғақ

Үйрек — гүк – гүк- гүк

Дидактикалық ойын: «Құстарды айыр»

Мақсаты: Үй құстарын, дала құстарынан айыру

Ойын шарты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.

— Балалар, бұл ненің суреті.

— Балапанның суреті.

— Балапан қалай дыбыстайды ?

— Балапан — шик- шик- шик

— Балапанның түсі қандай ?

Ендеше, балалар алдарыңыздағы қағаз бетіне осы сары балапанның суретін бейнелеп, бояуды үйренейік.

Қорытынды: Балалар, ненің суретін салдық?

— Балапанның суретін салдық.

— Құстар нешеге бөлінеді?

— Құстар 2- ге бөлінеді. Үй құстары және дала құстары.

Мадақтау.

- Ал балалар тұрайық

Шеңберді біз құрайық

Көріскенше күн жақсы

Сау саламатта болайық!- деп келген қонақтармен қоштасайық.

- Сауболыңыздар!

Күтілетін нәтижелер:

Білуі тиіс: үй құстары туралы, олардың немен қоректенетінін, адамдарға деген пайдасын, үй құстарының түрлерін білуі керек;

Менгеруі тиіс: үй құстарының дыбыстарын, жүрістерін меңгертеді;

Үйренуі тиіс: үй құстарына деген қамқорлықтарын, өмірде пайдалана білуді.

